

Оралханды орыс тілінде сөйлеткен туынды көрерменге жол тартты

1 қазан 2013 | 00:10 | Мәдениет | Қаралған: 2529 | Пікірлер: 0



Бір адамның шығармашылығы мен емірі жайында жан-жақты айтылып, жазылуы керек болса, ол – биыл 70 жылдық мерейтойы республика көлеміндеге кеңінен тойланып жатқан сез зергері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жерлесіміз Оралхан Бекей.

Оралхан жайында тебіреніске толы естеліктер, оның шығармашылықтағы взге аріп тестерінен ерекшеліктері, туып-ескен жері мен балалық шағы, барі-барі айтудай-ақ айтылып, жазудай-ақ жазылды. Бір қарасаң, ортамызда болмаса да,

«Жазушының бір басына осыдан артық нендей құрмет керек? - деуге де болатындей. Бірақ, алі де қажет дүниелер көп екен.

Ол – ең ауелі еліміздегі орыстілді оқырманға Оралхан туралы, оның барлық шығармалары мен 50-ге жетер-жетпес ғұмырындағы азаматтық ұстанымдары және басқалары жайында жан-жақты малімет беру. Міне, біраз уақыттан бері қурмеуі тарқатылмай келген бұл маселенің де шешімі табылып, осы арнадағы мұздың тоңы жібі бастаған сыңайлы.

Жұықта А.Пушкин атындағы облыстық кітапханада жерлес кинорежиссер, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Оралханның көзі тірісіндегі сыйлас достарының бірі Анатолий Лаптевтің «Человек-Олень» атты жаңа деректі фильмінің түсакесері етті.

Туынды Шығыс жерінің шұрайлы табигатын насихаттаумен қатар, Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы екілі, белгілі ақын Олжас Сүлейменовтің «Кез келген мәдениет кітаптан басталады. Сондықтан да біз тек жақсы кітаптарды ғана емес, сол кітаптарды дүниеге акелген жазушыларды да көзіміздің қарашындаңай сақтап, бағалай білуйіміз керек» деген қанатты сезімен бастау алады.

Негізінен картина авторы О.Сүлейменовтің пікірлерімен ғана шектеліп қалмай, көрсетілім барысында КСРО халық артісі Асанәлі Әшімов пен жазушы Бексұлтан Нұржекеев, ресейлік жазушы арі қазақ прозасының аудармашысы Анатолий Ким, сонымен қатар фильм авторларының бірі арі кеңесшісі Жұмаділ Әділбаев сынды азаматтардың қарымды қаламгер мен оның талім алған ортасы, емірге деген философиялық терең көзқарастары мен фильмнің түсірілу барысы жайындағы әңгімелерін шеберлікпен кіріктіре білген.

Жаңа туындының матіні бастан-аяқ орыс тілінде болғанымен, оның тұла бойынан Катонқарағайдың сонау бір түкпіріндегі қаймағы бұзылмаған қазақ ауылды мен байтақ даласының жусанының ісі аңқып түрді. Музыкалық көркемдеуінде де «Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!» анінен бастап, көпшілікке танымал халық андері мен қүйлери шебер пайдаланылған.

Өсіресе, Оралхан туындыларындағы кейіпкерлердің өмір жайындағы толғамдары мен түйіндерінен келтірілген үзінділер кез келген көрерменнің сол шығармаға деген қызығушылығын арттыра түскені анық.

Фильм авторы А.Лаптев «Егер менің фильмімнен кейін адамдар Бекейді қайта оқуды қаласа, мен өз мақсатыма жеттім деп есептеймін» деген екен. Сондықтан тұсаукесерге қатысып, туынды туралы пікірлерін ортаға салған көпшіліктің Оралхан туындыларына деген ынта-ықыластарына қарап, фильм авторының көздеген мақсатына жеткендігін аңғаруға болады.

Дүниеге келгеніне көп бола қоймаса да, «Человек-Олень» фильмі Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын иеленіп үлгеріпті. Яғни, туындыны «Сәтті туынды» деп атауға толық негіз бар секілді.

Серік Құсанбаев